

Мамырдың әр үшінші жексенбісі күні бүкіл әлемде ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күні ретінде өткізіледі. 2024 жылы ол 19 мамырға келіп отыр.

Бұл күннің мақсаты - АИТВ-инфекциясы өмірін қиған адамдарды құрметтеу және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсету, сондай-ақ осы инфекциямен байланысты стереотиптерді жою және хабардар ету.

Ақмола облысында АИТВ-инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. 2024 жылдың алғашқы төрт айында 48 адам анықталды. Инфекцияның негізгі берілу жолы – жыныстық қатынас. Сонымен, орта есеппен он адамның тоғызы қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы жұқтырған. Жас құрамы бойынша 30-49 жас тобы басым болып келеді.

Айта кету керек, АИТВ-инфекциясы бар адам анықталған кезде оған дереу антиретровирустық терапия тағайындалып, оны мемлекет тегін қамтамасыз етеді.

ЮНЭЙДС мақсаттарына сәйкес, АИТВ мәртебесін білетін пациенттердің 95 %-ы ағзадағы вирусты басу үшін антиретровирустық терапияны қабылдауы керек. Айта кетейік, Ақмола облысында АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың 96 % - ы ем қабылдайды.

Терапия инфекцияны толығымен емдей алмайтынын түсіну маңызды. Алайда, оны қабылдау арқылы АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың өмір сүру сапасы жақсарады. Дұрыс таңдалған емдеу режимімен және тұрақты терапиямен вирустық жүктемесі азайып, иммунитеттің және дененің жалпы жағдайы жақсарады.

Әлемде он жылдан астам уақыт бойы "Анықталмайтын ВЖ= таралмайтын" ақпараттық науқаны белсенді жүргізіліп келеді. Бұл іс-шаралардың мәні-мүмкіндігінше көп адамдарға АИТВ-мен өмір сүретін, анықталмаған вирустық жүктемесі бар және АРВ терапиясын қабылдаған адамның вирусты басқаларға жұқтыра алмайтынын білуге мүмкіндік беру болып табылады.

Антиретровирустық терапияның пайда болуы медицинадағы үлкен жетістік және осы инфекциямен өмір сүретін адамдардың өміріндегі өмірді және оның ұзақтығын сапалы жақсартуға бағытталған маңызды өзгеріс болып табылады.

Терапияның арқасында медицина мамандары вирусты денсаулыққа зиян келтірместен тиімді басқара алады. Бақылауда болған кезде АИТВ қатар жүретін ауруларды тудырмайды және пациенттердің өмір сүру сапасына әсер етпейді.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдар АИТВ-сыз сияқты да, толық және қарқынды өмір сүре алатындығын атап өту маңызды: отбасын құру, дені сау балаларды дүниеге әкелу, сүйікті ісімен айналысу, мансап құру, қартаю және зейнетке шығу дегендей. Сонымен қатар, ғалымдар АИТВ-мен өмір сүретін адам антиретровирустық терапияны үнемі қабылдап, анықталмайтын вирустық жүктемесі болса, вирусты белгілі берілу жолдары арқылы басқа адамға бере алмайтынын дәлелдеді.

Біздің орталықтағы пациенттердің шамамен 90%-ға жуығы вирустық жүктемелері түскендігін айта кетуге болады.

Біздің облыста 13-17 мамыр аралығында Дүниежүзілік ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күніне орайластырылған түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда, оның ішінде орталық дәрігерлерінің жергілікті теледидарда сөйлеген сөздері, жергілікті жерде өзінің АИТВ-мәртебесін білу мүмкіндігімен ақпараттық акциялар өткізу және бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді жандандыру назар аударуда халықтың қауіпсіз жыныстық мінез-құлықтары, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты кемсітушілікті болдырмайтын қоғамды қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Каждое третье воскресенье мая во всем мире проводится как Всемирный день памяти людей, умерших от СПИДа. В 2024 году он приходится на 19 мая.

Цель этого дня - почтить память тех, чьи жизни унесла ВИЧ-инфекция, и поддержать людей, живущих с ВИЧ, а также повысить информированность и искоренить стереотипы, связанные с этой инфекцией.

В Акимовской области эпидемиологическая ситуация по ВИЧ-инфекции стабильная. За первые четыре месяца 2024 года выявлено 48 человек. Основной путь передачи инфекции – половой. Так, в среднем девять из десяти человек инфицировались через незащищенные половые контакты. По возрастному составу превалирует возрастная группа 30-49 лет.

Стоит отметить, что при выявлении человека с ВИЧ-инфекцией ему сразу назначается антиретровирусная терапия, которая обеспечивается государством бесплатно.

Согласно целям ЮНЭЙДС, 95% пациентов, знающих свой ВИЧ-статус, должны принимать антиретровирусную терапию для подавления вируса в организме. К слову, 96% людей, живущих с ВИЧ, в Акимовской области, принимают лечение.

Важно понимать, что терапия не может полностью излечить от инфекции. Однако, благодаря ее приему, качество жизни людей, живущих с ВИЧ, улучшается. При правильно подобранной схеме лечения и регулярном приеме терапии снижается вирусная нагрузка, улучшается состояние иммунитета и общее состояние организма.

В мире уже более десяти лет активно проводится информационная кампания «Неопределяемый равно не передающий». Суть этих мероприятий в том, чтобы как можно больше людей знали, что человек, живущий с ВИЧ, имея неопределяемую вирусную нагрузку, принимающий АРВ-терапию, не может передать вирус другому.

Появление антиретровирусной терапии – большое достижение в медицине и важное изменение в жизни людей, живущих с этой инфекцией, в сторону качественного улучшения жизни и ее продолжительности.

Благодаря терапии медицинские работники могут эффективно контролировать вирус, не причиняя вреда здоровью. Находясь под контролем, ВИЧ не вызывает сопутствующие заболевания и не влияет на качество жизни пациентов.

При этом важно отметить, что люди, живущие с ВИЧ, могут вести полную и насыщенную жизнь: создавать семью, рожать здоровых детей, заниматься любимым делом, строить карьеру, стареть и выходить на пенсию – точно так

же, как и без ВИЧ. Более того, ученые доказали, что человек, живущий с ВИЧ, не может передать вирус через известные пути передачи другому человеку, если постоянно принимает антиретровирусную терапию и имеет неопределяемую вирусную нагрузку.

Стоит отметить, что около 90% пациентов нашего центра имеют подавленную вирусную нагрузку.

В нашей области с 13 по 17 мая планируется проведение различных мероприятий, приуроченных к Всемирному дню памяти людей, умерших от СПИДа, среди которых выступление докторов центра на местном телевидении, проведение информационных акций с возможностью на месте узнать свой ВИЧ-статус и, конечно же, активизация средств массовой информации, социальных сетей в привлечении внимания населения к вопросам безопасного сексуального поведения, формировании социума, исключая дискриминацию по отношению к людям, живущим с ВИЧ.